ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№10 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
110000 Қостанай қ. 7 шағынаудан 25/2
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕН
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКО
№10 ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КОСТАНАЯ» УПРАВЛЕН
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
110000 г.Костанай 7 микрорайон 25/2
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

**02.09.2024ж.** **№419 (негізгі қызмет бойынша)**

**Мектепте «Үндестік» жобасын**

**жүзеге асыру туралы**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы» КММ бірыңғай педагогикалық ұстаным негізінде отбасы мен мектептің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыруда ата-аналардың белсенді ұстанымын қалыптастыру, ата-аналар мен педагогтер ынтымақтастығының жаңа нысандарын енгізу мақсатында ұсынған «Үндестік» облыстық жобасын мектепте жүзеге асыру мақсатында **Бұйырамын**:

1. Мектепте «Үндестік» жобасы жұмысы жоспарлансын. (қосымша №1)

2. «Үндестік» жобасының жүзеге асырылуына жауапты ретінде ДТІЖО З.А.Койтбаева тағайындалсын.

3. «Үндестік» жобасы бойынша ата-аналар кеңесінің отырысының №1 хаттамасының шешіміне сәйкес «Үндестік» жобасы аясында «Білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимылын үйлестіруге арналған кеңес» құрылсын:

Кеңес төрайымы – Баяхметова Орынкуль Балгабаевна
Кеңес мүшелері:
Алтай Қайырхан Токбаевна – ДОІЖО.
Биримжанова Айгуль Каримовна – ДҒӘЖО.
Койтбаева Зоя Абдигаппаровна, ДТІЖО.
Кудербекова Айнур Сериковна – қамқоршылық кеңесінің төрайымы.
Кеңес хатшысы – Койтбаева Зоя Абдигаппаровна, ДТІЖО.

4. Педагогикалық ұстаным негізінде отбасы мен мектептің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыруда ата-аналардың белсенді ұстанымын қалыптастыру,

ата-аналар мен педагогтер ынтымақтастығының жаңа нысандарын енгізу мақсатында жоспарға сәйкес жыл бойы жұмыстар атқарылсын. Жауапты: мектеп әкімшілігі, педагогтер ұжымы.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау ДТІЖО З.А.Койтбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Баяхметова О.Б.**

Таныстым: Койтбаева З.А.
Алтай К.Т.
Биримжанова А.К.
Кудербекова А.С.

Қосымша №1

**«Үндестік» облыстық жобасын жүзеге асырудың**

**2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

| № | Іс-шаралар | мерзімдері | жауаптылар | Нәтижелерінің жіті талдауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | |
| 1 | Білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимылын үйлестіруге арналған кеңес құру | Қазан | Мектеп әкімшілігі | жоспар |
| 2 | «Директор сағаты» | Кесте бойынша | Мектеп директоры | кесте |
| 3 | «Әкімшілік қабылдау бөлмесі» | Кесте бойынша | Мектеп әкімшілігі | кесте |
| 4 | «Пән мұғалімдерімен жеке консультациялар» | Жоспарға сәйкес | Пән мұғалімдері | хаттама |
| 5 | Ата-аналармен сауалнама жүргізу | жыл бойы | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Әлеуметтік педагог<br>Педагог-психолог | анықтама |
| 6 | Сыныптағы дәстүрлі мерекелер | Жыл бойы | Сынып жетекшілер | ақпарат |
| 7 | Мұражайларды, көрмелерді, кітапханаларды, театрларды ұжымдық аралауды ұйымдастыру;<br>Сабақтан тыс және демалыс уақытындағы экскурсиялар | жыл бойы | ДТІЖО<br>1-11 сынып жетекшілері<br>кітапханашы | ақпарат |
| 8 | Шығармашылық байқауларға, жобаларға қатысу | жыл бойы | ДТІЖО<br>1-11 сынып жетекшілері<br>кітапханашы | ақпарат |
| 9 | Ата-аналарға арналған ашық есік күндері | Кесте бойынша | Мектеп әкімшілігі<br>Сынып жетекшілер<br>Пән мұғалімдері | ақпарат |
| 10 | Балаларды отбасында тәрбиелеу проблемалары бойынша ата-аналарға жеке кеңес беру (сұрау бойынша) | жыл бойы | Педагог-психолог<br>Әлеуметтік педагог | ақпарат |
| 11 | «Отбасы тәрбиесі» ата-аналардың қатысуымен сынып сағаттар | жыл бойы | Сынып жетекшілер<br>Имашева Г.К. | ақпарат |
| 12 | Отбасы күніне арналған мектепішілік іс-шара «Шығармашылық шеберхана» | қыркүйек | Мектеп директоры<br>ДТІЖО<br>Педагог-психолог<br>Сынып жетекшілер | ақпарат |
| 13 | Жалпы ата-аналар жиналысы: "Балалық шақтағы психолого-педагогикалық мәселелер» | қазан | ДТІЖО<br>1-11 сынып жетекшілері<br>Педагог-психологтар | Хаттама |
| 14 | Баяндама: «Біртұтас тәрбие-бала болашағының іргетасы» | қараша | Сынып жетекшілер | Хаттама<br>анықтама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | Кофе-монинг кездесу "Балалардың дамуындағы дағдарыс кезеңдерінде" | желтоқсан | Педагог-психолог Сынып жетекшілер | ақпарат |
| 16 | «Біз біргеміз» тимбилдингі | қаңтар | Педагог-психологтар | ақпарат |
| 17 | Ата-аналар жиналыстары «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу» | наурыз | Педагог-психолог Сынып жетекшілер | хаттама |
| 18 | «Бірегей ата-аналар жиналысы» байқауы | наурыз | ДТІЖО Сынып жетекшілер | анықтама |
| 19 | Шығармашылық жұмыстар сайысы "Отбасы шежіресі" отбасы тарихы | наурыз | ДТІЖО Сынып жетекшілер тәлімгер | ақпарат |
| 20 | «Ең белсенді ата-ана» байқауы | мамыр | ДТІЖО Әлеуметтік педагог | ақпарат |
| 21 | «TEDx» диалог алаңы: «Қызығушылық кәмелетке толмағандардың есірткіні пайдалану себептерінің бірі ретінде» (зиянды әдеттерден сақтандыру) | мамыр | Педагог-психолог Сынып жетекшілер | ақпарат |
| 22 | Сыныптық ата-аналар жиналысына баяндама: «Отбасы - орта мектеп» | мамыр | Сынып жетекшілер | хаттама |
| 23 | «Үндестік» жобасының қызметі туралы БАҚ жариялау | жыл бойы | Койтбаева З.А. | Мақалалар, ақпарат |

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №10 жалпы білім беретін мектебі» КММ**

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы және өңірлік «Үндестік» жобасының жүзеге асырылуы туралы ақпарат**

1. Мектептің 2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес және

«Үндестік» жобасы аясында және «Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес 1-11 сынып ата-аналарына арналған «Ашық есік күні» ұйымдастырып өткізілді. «Ашық есік күнінің» күн тәртібі, өткізу кестесі, кезекшілік кестесі бұйрықпен бекітілді. Күн тәртібінде білім алушылардың үлгерімі, тәртібі жайлы, әр түрлі мәселелер қаралды. Сынып жетекшілері алдын ала 1-11 сынып ата-аналарына «Ашық есік күні» болатыны туралы хабарлап, ата-аналардың қатысуын ұйымдастырды. Пән мұғалімдері 1-11 сынып ата-аналары үшін «Ашық есік күніне» қатысты. Жалпы 64 ата-ана қатысты. «Ашық есік күні» бойынша жүргізілген жұмыс және нәтижесі «Үндестік» жобасы аясындағы жүргізіліп жатқан журналға тіркелді. «Ашық есік күніндегі» ата-аналардың пән мұғалімдерімен кездесудегі мәселелер туралы ақпараттар зерделенді. Жиынға қатысқан ата-аналар мәселелі сұрақтары бойынша пән мұғалімдеріне жолықты, өздерін толғандырған сұрақтарына жауаптарын ала алды. Ата-аналар мен мұғалімдердің ойынша осындай іс –шараның форматы өте ыңғайлы. Ашық есік күндерін ұйымдастыру алдағы уақыттарда да жалғасын табады.

https://www.instagram.com/reel/C4luq24tG1l/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2. Наурызды мерекелеу жоспарына сай мектебімізде "Отбасы-бақыт

мекені" іс-шарасы болып өтті. Іс-шараға ата-әжелеріміз, өнерлі апаларымыз қатысып, салт-дәстүрлер, халық қолөнері туралы әңгімелеп берді. Іс-шара барысында оқушылар салт-дәстүрлерден қойылымдар қойды. "Менің шежірем" макеттер байқауының қатысушылары өз шежіресі туралы қызықты мәліметтермен бөлісті. Әжелеріміз өз қолдарымен дайындап келген ұлттық тағамдардың тағамдық құндылығы, жасалу жолы туралы оқушыларға түсіндіріп берді. Мектептің өнерпаздары өнер көрсетіп, іс-шараға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Мерекелік іс-шараның өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор болды.

https://www.instagram.com/reel/C4qXjVltQFx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

3. Мектебімізде ата-аналардың қолдауымен "Қайырымдылық акциясы"

болып өтті. Жалпы, игі істер дәстүрін тарату қоғамда қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Дәстүрлі құндылық ретінде қайырымдылықтың орны біздің қоғамда аса маңызды. Сондықтан ата-аналар, мектеп оқушылары, ұстаздар қауымы аталмыш акцияға белсене қатысты. Кішкентай бүлдіршін қостанайлық 6 жасар Жұмабекова Айлананың еміне ата-аналар, оқушылар мен ұстаздардың шарапатымен 402 000 теңге аударылды.

https://www.instagram.com/reel/C4izZZbtrhT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп директоры: (қолы, мөрі бар) О.Б.Баяхметова

Орын.: Койтбаева З.А.

87473072041